



*«Арқалық қаласындағы Облыстық № 2  
әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме – библиография бөлімі*

# **Ұстаз ұлағаты**



**Ұстаз, спортшы, ақын  
Сейітқали Сабыржанұлы Оташев  
70 жаста**

**Жаднама**

*Арқалық 2021*

**ӘОЖ 016**  
**КБЖ 91.9:83.3**  
**Ү 81**

Құраст., компютер. терген: С.Ғ.Ермағанбет  
Жауапты ред.: Ә.Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** С.Ғ.Ермағанбет  
**Шығарылымға жауапты:** К.Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірген:** С.М. Көшкінбай  
**Редактор:** Ә.Қ. Ахметжанова

...Ұстаз ұлағаты [Мәтін] : (ақын, ұстаз Сейітқали Оташевтың 70 жасқа толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.;С.Ғ. Ермағанбет ; шығарылымға жауапты К.Б. Борибаева ; ред. Ә.Қ.Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2021. – 44 б. : сурет. – қазақ тілінде.

...Әдістеме-библиография бөлімі ақын, ұстаз Сейітқали Оташевтың 70 жасқа толуына арналған жаднама дайындады.

Жаднамада Сейітқали Оташевтың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

**ӘОЖ 016**  
**КБЖ 91.9:83.3**

© С.Ғ. Ермағанбет

## *Әкенің салған ізімен...*

...Әкеден тәрбие алған, әкенің ақыл - парасатын бойына сіңіріп, үлгі-өнегесін ойына дарытқан, ата-салт, ғұрпын дәріптеп, әдептен озбаған, өзінің ұстаздық жолындағы саналы ғұмырында жеткіншек ұрпаққа сапалы білім, сан қырлы тәрбие беріп, артына ізгілікті іздер қалдырған ұлағатты ұстаз, ақын, спортшы Оташев Сейітқали Сабыржанұлы 1951 жылы 22 ақпанда Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Қайыңды ауылының «Қараторғай» елді мекенінде дүниеге келген.

Ол 1958 жылы мектеп табалдырығын аттап, оны 1968 жылы бітірген. 1981 жылы Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінде білім алып, «Сызу, бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімі» мамандығын алып шықты. 1981-1996 оқу жылдары аралығында өзі еңбек еткен Жасбуын орта мектебінде жеткіншек ұрпаққа өнер-білімнің осы саласынан сапалы білім беріп, кейін Арқалық қаласындағы №1 Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, сызу, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі қызметін атқарды.

Сейітқали Сабыржанұлы білімді де білікті, өнердің сан қырын меңгерген ұстаз. Ол жас кезінен білсем, көрсем, әрқашан алда болсам деп, өмір мен өнерге құлшынған жанның бірі болды. Сонау жылдары Жезқазған қаласындағы студент шағында оның жастық қиялы бокс өнеріне де жетелеген болатын. Сөйтіп жүріп спорттың осы түрінен спорт шеберлігіне үміткер деңгейіне дейін көтерілді. Сейітқали Сабыржанұлы жиі-жиі «Қайрат» спорт кешенінде бой көрсетіп, көптеген қалалық жарыстарға қазылық еткені де осы өнерінің жемісі еді. Көкейіне жыр құйып өскен ол ақындық қасиетін ұштай отырып, жеткіншек ұрпаққа сөз өнерінің құдыретін үйретуден әсте жалыққан емес. Мектепте жас тілшілердің «Ұшқын» үйірмесін ашып, жыл сайын балғын ақындар шығармашылығынан қалалық мүшайра өткізіп отырды.



Осы уақытқа дейін әкенің ізімен айнымай жүріп, елге елеулі еңбек еткені үшін Сейітқали Сабыржанұлы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» атағымен марапатталған.

Сейітқали Сабыржанұлының әкесі Сабыржан Оташев көп жылдар ағарту саласында ұстаздық еңбек еткен. Ол ұзақ жылдар бойы Аманкелді ауданының Қарасу ауылында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, мектеп директоры, кейін ғұмырының соңына дейін аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ол ізденімпаздығын, еңбекқорлығын, нағыз ұстазға тән асыл қасиеттерін тек өз балаларына ғана үлгі етіп қойған жоқ, соңынан ерген ондаған, жүздеген ізбасарларына үйрете білді. Осындай өмірін ұстаздық жолға арнаған Сабыржан Оташевтың ізін жалғастырып жүрген Сейітқали Сабыржанұлы қолы қалт еткенде қарындашын қаламға айырбастап, ой өрнегін жыр кестесіне түсіре білетін ақынжанды адам.

Сейітқали Сабыржанұлы 2016 жылы әкесі Сабыржан Оташұлының 90 жылдығына арнап әкесі туралы естеліктерден «Жүрек төріндегі жарқын бейне» атты кітап құрастырып шығарды.

Сейітқали Сабыржанұлының жұбайы Жарас Қойшыбекқызы да өзімен қатарлас ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, өнегелі ұстаз, ардагер ана, асыл жар, жанұяның ұйытқысы бола білді.

«Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» демекші, ұлдары Азамат жоғары білімді заң қызметкері болса, қыздары Меруерт – Қаныш Сәтпаев атындағы тау-кен университетін тәмамдаған білікті маман. Қазіргі уақытта Сейітқали Сабыржанұлы Қостанай қаласында тұрады.

Ұстаз – ұлы сөз, ұлы ұғым. Ұстаздық жолмен қатар өлең өлкесінен көрініп жүрген Сейітқали Сабыржанұлы өлеңді өнер тұтатын зерделі жан.

Сондықтан да Сейітқали Сабыржанұлына шығармашылық табыс тілей отырып, жақсы жырларымен ел-жұртыңызды алдағы күндерде де қуанта беріңіз демекпіз.

## **Сейітқали Сабыржанұлы Оташевтың шығармасы:**

1. Оташев, Сейітқали. «Жүрек төріндегі жарқын бейне» [Мәтін] : Сабыржан Оташев туралы естеліктер / Құраст. Сейітқали Оташев. – Астана: Фолиант, 2016. – 352 б.

## **Мерзімді басылым беттерінде жарияланған Сейітқали Сабыржанұлы Оташевтың мақалалар тізімі:**

### **2016**

1. Сабыржанұлы, Сейітқали. Туған жер мен ел тарихын білу – ұрпаққа парыз [Мәтін] : [мерген Кейкі батыр туралы] / Сейітқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 16 желтоқсан. – Б. 6.
2. Оташев, Сейітқали. Қала боксшыларының жеңісті жолы [Мәтін] [боксшылардың жеңісі туралы] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2016. – 29 сәуір. – Б. 3.
3. Сабыржанұлы, Сейітқали. Көркейіп қалам ұшы мұқалмасын [Мәтін] [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 12 ақпан. – Б. 3.

### **2015**

4. Оташев, Сейітқали. Ана есімін ардақтау - парыз [Мәтін] : [қадірлі анам Алданыш Молдағалиқызы жайында естелік] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2015. – 6 қараша. – Б. 4.
5. Оташев, Сейітқали. Жалын жастардың жетістіктері [Мәтін] : [кітапханада имидж – коктейль өтті] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2015. – 2 қазан. – Б. 3.
6. Оташев, Сейітқали. Ауыр атлетиканың білікті бапкері Күнтуар Жәнкішевпен сұхбат [Мәтін] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2015. – 15 мамыр. – Б. 3.
7. Оташев, Сейітқали. Боксшылар турнирі көңілден шықты [Мәтін] : [бокстан ашық турнир болып өтті] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2015. – 17 сәуір. – Б. 3.
8. Оташев, Сейітқали. Мақсаты - әлем біріншілігіне қатысу [Мәтін] : [боксшы, Қазақстан чемпионы - Ж. Серіковамен әңгіме] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2015. – 3 сәуір. – Б. 3.

9. Оташев, Сейтқали. Таңатқан палуанның ізбасары [Мәтін] : [палуан Асылан Сағитбек жайында әңгіме] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 3.
10. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ер болуға даярсың [Мәтін] : [«Сұлтан Бейбарыстан» жастарға үлгі айту] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 4.
11. Сабыржанұлы, Сейтқали. Оңтайға келген орамды ойлар [Мәтін] : [өзі жайында баяндайтын қысқа шумақтар] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 4.
12. Сабыржанұлы, Сейтқали. Асаба, шашырамас уыставың [Мәтін] : [өзі жайында баяндайтын қысқа шумақтар] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 4.
13. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ізгілік жолды бастаса [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 4.
14. Оташев, Сейтқали. Сезімнің сыршыл ақыны [Мәтін] : [Жақсылық Жүнісовтың "Табиғатпен егізбін" жыр жинағына ой-пікір] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2015. – 9 қаңтар. – Б. 3.
15. Сабыржанұлы, Сейтқали. «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» [Мәтін] : [білікті маман Ораз Даркенов туралы] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 16 қаңтар. – Б. 3.
16. Сабыржанұлы, Сейтқали. Орның бөлек ұстаздық төріндегі [Мәтін] : [ұстаз Ораз Дәркеновке арнау өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2015. – 16 қаңтар. – Б. 3.

## 2014

17. Сабыржанұлы, Сейтқали. Есінде елдің Төкені [Мәтін] : [ұстаз Төкен Елтебаевқа арналған кітаптың тұсау кесері туралы] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2014. – 28 қараша. – Б. 3.
18. Сабыржанұлы, Сейтқали. Шарша алаңда шеберлігін шыңдаған [Мәтін] : [қаладағы жас боксшылардың турнирі туралы] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2014. – 14 қараша. – Б. 3.
19. Оташев, Сейтқали. Жастарымның балалық шағысың сен [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2014. – 8 тамыз. – Б. 3.
20. Сабыржанұлы, Сейтқали. Қалған ойды қаламға тұрақтаттым [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2014. – 21 ақпан. – Б. 5.
21. Сабыржанұлы, Сейтқали. Тірлігінді өткізіп ой електен [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2014. – 21 ақпан. – Б. 5.
22. Сабыржанұлы, Сейтқали. Жырым бұл атыңа арнап бағыштаған [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2014. – 21 ақпан. – Б. 5.

## 2013

23. Оташев, Сейтқали. Халықтың Айбек ақын сүйіктісі [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 22 қараша. – Б. 3.
24. Оташев, Сейтқали. Жеңісті жол жалғаса берсін [Мәтін] : [бокстан облыстық чемпионат өтті] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 15 қараша. – Б. 3.
25. Оташев, Сейтқали. Жыр кешінің жүйріктері [Мәтін] : [жазба ақындардың мүшайрасы туралы : суреті бар] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 23 қазан. – Б. 3.
26. Оташев, Сейтқали. Батылдық мектебінде шындалған [Мәтін] : [қала споршыларының жеңісі туралы : суреті бар] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 18 қазан. – Б. 3.
27. Оташев, Сейтқали. Тұрғандай Нұрхан атам нұсқау беріп [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 11 қазан. – Б. 3.
28. Оташев, Сейтқали. Ұстаздарыма мадақ [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 11 қазан. – Б. 3.
29. Оташев, Сейтқали. Турнирден табысты оралды [Мәтін] : [Амангелді ауданында өткен облыстық турнир туралы] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 30 тамыз. – Б. 3.
30. Оташев, Сейтқали. Батаменен ер көгерер [Мәтін] : [бата беру рәсімі туралы] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 23 тамыз. – Б. 7.
31. Оташев, Сейтқали. Ақ бата [Мәтін] : [бата беру рәсімі туралы] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 23 тамыз. – Б. 7.
32. Оташев, Сейтқали. Бекзат бағындырған белестер [Мәтін] : [ауыр атлетика жеңімпазы Бекзат Сейтмағанбетов туралы : суреті бар] / Сейітқали Оташев // Арқалық хабары. – 2013. – 26 сәуір. – Б. 3.
33. Оташев, Сейтқали. Жетістігі мол шаршы алаң [Мәтін] : [қаламыздағы "Қайрат" спорт кешенінде өткен бокс жарысы туралы : суреті бар] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 25 қаңтар. – Б. 3.
34. Сабыржанұлы, Сейтқали. Қазақтың сөнбес жарығы [Мәтін] : [өлең] / Сейітқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2013. – 11 қаңтар. Б. 3.
35. Оташев, Сейтқали. Ауыр атлеттердің жаңа жылға тартуы [Мәтін] : [Лисаковск қаласында облыс ауыр атлеттері арасында өткізілген ашық турнир туралы : суреті бар] / Сейітқали Оташев // Торғай. – 2013. – 11 қаңтар. – Б. 3.

## 2012

36. Сабыржанұлы, Сейтқали. Қазақтың сөнбес жарығы [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 28 желтоқсан. – Б. 3.
37. Сабыржанұлы, Сейтқали. Барлық қазақ қасиетіңе бас ұрсын! [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 7 желтоқсан. – Б. 13.
38. Оташев, Сейтқали. Облыс біріншілігіндегі боксшылар табысы [Мәтін] : [қаламыздың боксшыларының жеңімпаздары туралы : суреті бар] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 23 қараша. – Б. 3.
39. Оташев, Сейтқали. Боксшыларымыз – жеңіс тұғырында [Мәтін] : [қаламыздың боксшыларының жеңімпаздары туралы] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 9 қараша. – Б. 3.
40. Сабыржанұлы, Сейтқали. Бүгінде барша жұртқа аты мәлім [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы. // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 3.
41. Сабыржанұлы, Сейтқали. Рекордшылармен кездесу [Мәтін] : [мектепте өткен кездесу кеші туралы] / Сейтқали Сабыржанұлы. // Арқалық хабары. – 2012. – 21 қыркүйек. – Б. 8.
42. Сабыржанұлы, Сейтқали. Болындар толағайы Арқалықтың [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы. // Арқалық хабары. – 2012. – 21 қыркүйек. – Б. 8.
43. Оташев, Сейтқали. Бас бәйге – бокс жұлдызының жүлдесі [Мәтін] : [Тараз қаласында өткен республикалық ашық турнир туралы : суреті бар] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 1 маусым. – Б. 4.
44. Оташев, Сейтқали. Ауыр атлеттер шыңдалып келеді [Мәтін] : [қалалық ашық біріншілік туралы] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 25 мамыр. – Б. 1
45. Оташев, Сейтқали. Жеңіс қоржыны толыға түсті [Мәтін] : [облыстық ашық турнир өтті] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 20 сәуір. – Б. 3.
46. Оташев, Сейтқали. Республикалық сайысқа жолдама алды [Мәтін] : [қаламыздың боксшыларының жеңімпаздары туралы : суреті бар] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 16 наурыз. – Б. 3.
47. Оташев, Сейтқали. Аймақтық жарысқа аттанды [Мәтін] : [қаламыздағы спорт мектебінің боксшыларының аймақтық сайысқа баруы туралы : суреті бар] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 8 наурыз. – Б. 4.
48. Сабыржанұлы, Сейтқали. Өнердің өлкесінде саяттаған Ж. Сүлейменұлының 70 жасына арнау [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 24 ақпан. – Б. 1.
49. Оташев, Сейтқали. Биік еді кім - кімнен де мәртебең [Мәтін] : [ақын, жазушы, белгілі сықақшы, этнограф С. Кенжеахметұлының бейнесін ойға



оралтқанда] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 27 қаңтар. – Б. 7.

50. Оташев, Сейтқали. Қайраттың қамқорлығы [Мәтін] : [«Қайрат» спорт кешені жайында] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 13 қаңтар. – Б. 7.

51. Оташев, Сейтқали. Қос турнирде де олжалы оралды [Мәтін] : [жасөспірімдер арасында өтілген бокстан XX ашық турнир туралы : суреті бар] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2012. – 6 қаңтар. – Б. 1.

## 2011

52. Сабыржанұлы, Сейтқали. Азаттықтың ақ жолын жыр етемін [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2011. – 16 желтоқсан. Б. 4.

53. Оташев, Сейтқали. Боксшылар жетістігі қала мерекесіне арналды [Мәтін] : [облыс орталығында өткізілген бокстан жастар арасындағы жарыс туралы] / Сейтқали Оташев ; суретте: олимпиада жүлдегері Болат Жұмаділов // Арқалық хабары. – 2011. – 14 қазан. – Б. 3.

54. Оташев, Сейтқали. Өшпестей мұра қалдырған [Мәтін] : [сатирик ақын С. Кенжеахметұлы туралы естелік] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2011. – 27 мамыр. – Б. 4.

55. Оташев, Сейтқали. Жүлдемен оралды [Мәтін] : [облыстық ашық турнир болып өтті] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2011. – 11 мамыр. – Б. 3.

56. Сабыржанұлы, Сейтқали. Көк байрағым желбіресін тағы да! [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2011. – 14 қаңтар. Б. 4.

57. Сабыржанұлы, Сейтқали. Азидаға 16 күн қалды [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2011. – 14 қаңтар. Б. 4.

## 2010

58. Сабыржанұлы, Сейтқали. Аса бер биіктерден аласармай [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 3 желтоқсан. Б. 3.

59. Оташев С. От жалында туған шумақтар [Мәтін] : [өлеңдер] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2010. – 7 мамыр. – Б. 4.

60. Оташев, Сейтқали. Жеңіс тұғыры аласармайды [Мәтін] : [облыстық ауыр атлетикадан өткен жарыстан жүлделі оралған оқушылар туралы] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2010. – 23 сәуір. – Б. 4.

61. Сабыржанұлы С. Жанымды баурағанда сүйікті өлең [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 12 наурыз. – Б. 4.

## 2009

62. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ғұмырыңнан тек жақсылық күтемін [Мәтін] : [жастарға жаңа жылдық тілек] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 25 желтоқсан. – Б. 3.
63. Сабыржанұлы, Сейтқали. Желтоқсан құрбандарына [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 11 желтоқсан. – Б. 4.
64. Сабыржанұлы, Сейтқали. Көркейе бер жетпісте, көрікті ағам! [Мәтін] : [жазушы – этнограф Сейіт Кенжеахметұлының 70 жасына арнау] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 27 қараша. – Б. 3.
65. Сабыржанұлы, Сейтқали. Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 6 қараша. – Б. 3.
66. Оташев, Сейтқали. Талабы зор жастар көп екен [Мәтін] : [қаламызда өткен жас ақындар жыр мүшәйрасы туралы] / С. Оташев // Арқалық хабары. – 2009. – 30 қазан. – Б. 3.
67. Сабыржанұлы, Сейтқали. Шоқан мектебіне [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 4 қыркүйек. – Б. 1.
68. Оташев, Сейтқали. Су қоймасындағы қауіпсіздік үшін [Мәтін] : [мектепшілік «Дельфин» құтқару тобының жұмысы туралы] / Сейтқали Оташев // Арқалық хабары. – 2009. – 21 тамыз. – Б. 3.
69. Сабыржанұлы, Сейтқали. Жыр арқауы – Наурыз! [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 20 наурыз. – Б. 3.
70. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ананың махаббаты [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 6 наурыз. – Б. 3.
71. Сабыржанұлы, Сейтқали. Әке рухына тағызым [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 13 ақпан. – Б. 4.
72. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ашылмаған қанша бастау – бұлақ бар [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 13 ақпан. – Б. 4.
73. Сабыржанұлы, Сейтқали. Нұрхан [Мәтін] : [өлең] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2009. – 13 ақпан. – Б. 4.

## 2008

74. Сабыржанұлы, Сейтқали. Желтоқсан [Мәтін] : [өлеңдер] / Сейтқали Сабыржанұлы // Торғай. – 2008. – 12 желтоқсан. – Б. 1.

75. Сабыржанұлы, Сейтқали. Ұстаздардың ақ тілегі айтатыным [Мәтін] : [өлеңдер] / Сейтқали Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2008. – 27 маусым. – Б. 1.

### 2007

76. Сабыржанұлы, С. Шоқан Уәлиханов атындағы №1 орта мектебінің гимні [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Сабыржанұлы., Деріпсалдин Қалыбек // Арқалық хабары. – 2007. – 5 қазан. – Б. 1.

### 2006

77. Сабыржанұлы С. Хал [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 22 желтоқсан. Б. 7.
78. Оташұлы, Сейтқали. Арайлай түс - Арқалық [Мәтін] : [өлеңдер] / Сейтқали Оташұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 24 наурыз. – Б. 4.

### 1992

79. Оташев, Сейтқали. Жырлайық қосылып ап ел тілегін [Мәтін] : [өлеңдер] / Сейтқали Оташев // Ақ жол. – 1992. – 29 ақпан. – Б. 3.

### Ол туралы

80. Есқабыл, Қуаныш. Ұстазбен сыр-сұхбат [Мәтін] : [Сейтқали Оташевпен сұхбат] / Қуаныш Есқабыл // Қостанай таңы. – 2020. 13 наурыз. – Б. 4.
81. Жүнісұлы, Мұрат. "Менің жырым - киелі осы дала" [Мәтін] : [ақын С.Оташевтың 65 жасқа толуына орай өткізілген шығармашылық кеш] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 11 наурыз. – Б. 5.
82. Есмағанбетов, Қайрат. Өрендерін өлең – жырға өрлеткен [Мәтін] : [ұстаз Сейтқали Сабыржанұлы жайында] / Қайрат Есмағанбетов // Торғай. – 2015. – 20 ақпан. – Б. 4.
83. Жапаров, Молдатай. Өке көрген [Мәтін] : [ұстаз, ақын, спортшы Сейтқали Оташев - 60 жаста] / Молдатай Жапаров // Арқалық хабары. – 2011. – 10 ақпан. – Б. 3.
84. Молдашұлы, Болат. Төбедегі үркерім [Мәтін] : [әдебиетші, ақын, ұстаз, Сейтқали Оташевтың 60 жасқа толуына] / Болат Молдашұлы // Арқалық хабары. – 2011. – 10 ақпан. – Б. 3.



Жүрек  
төріндегі  
жарқын  
бейне

Сабыржан Оташев  
туралы естеліктер

**С.Сабыржанұлының шығармасы**

## Ақын Сейітқали Сабыржанұлының өлеңдері

### *Тірлігіңде өткізін ой елекпен*

Өткен өмір – мен сені бағамдаса,  
Ой туады шабытпен маған да сан.  
Бар екен-ау қошамет алдан күткен  
Зая кетті уақыт деп алаңдасам.

Жақсылықтан адамдар арылмаған,  
Айтуда ақ тілектің бәрін маған.  
Торғайда ақын болып туған жақсы,  
Күш – қуатты қосады жалындаған.

Қай шара бар ел сөзін байытпасқа,  
Қас сүрінсе, қошемет – лайық досқа.  
Жырым менің – жанымның ләззаты,  
Ойдан кетпес дертім бұл айықпаста.

Жыр жазатын адам көп тауып бәрін  
Бәрін бірдей қаперге ап – сауықпадым.  
Жөн – жосықсыз жазылған өлең оқып,  
Сөз қадірі кетер деп қауіптемін.

Мәз емес-ау, ана тіл, бүгін жайың,  
Бақ тілеймін ертеңге саған лайым.  
Әбіқай да тартыпты жыр тізгінің,-  
Жазбадым, - деп өлеңді Абайдамын.

Жыр бәйгеге жаратқан шыдады атым,  
Шын дарынсыз алдыға шыға ма ақын?!  
Нұрхан жырын сусындап өскендіктен,  
Өз биігім бар алда шыға алатын.

Туады деп бойға күш,ерік қайдан,  
Жамандыққа ашамын берік майдан.  
Қазақшылық салтымды нық ұстауға,  
Тиіп жатса жарады менің пайдам.

Соңыма ерген өрендер, жас-талаптан,  
Бұл қазаққа жараспас босқа мақтан.  
Ел байлығын тек өзім алсам, - дейтін,  
Сақта,құдай, тойымсыз, ашқарақтан.

Ақиқатқа қарамай төрелікпен,  
Көз салады далама көр біткен.  
Сақтасын деп жастарды, - мен тілеймін,  
Амандарға жат қылық, ерсіліктен.

Сөз аламын мінберген, тілге кеп мен,  
Заман нарқы десек те дөнгелеткен.  
-Берік болсын босағаң, елім,-дедім,  
Тірлігінді өткізіп ой електен.

17.02.2005 жыл.

### ***Тәрбие – ұлық сезім***

Бойында бір қасиет болса сезін,  
Жалтартпай ашып байқа тұнық көзін.  
Мұрадай қалған бізге бабалардан,  
Тәрбие – бұл ғажайып ұлық сезім.

Тәрбие бастауы ол – талбесіктің,  
Ұлағат сөзді ұста, дұрыс есіткен.  
Өмірде бәрі болмас бір қалыпта,  
Ондайға өзің сірә кездесіп пе ең?!

Өмір ол – күрес, тартыс, аударыспақ,  
Әлдінің қолы мықты, қалған ұстап.  
Ақиқат жолымене жүрсең болды,  
Көзсізге көре алмаған арды нұсқап.

Байқасаң тәрбиенің жігін қарап,  
Бойыңа бір күш бітер қанға тарап.  
Көңілден арман, қиял арылмаса,  
Алдыға бастай берер бір нән талап.

Салт-дәстүр бар қазақта бас иетін,  
Сақтайық ата –баба өсиетін.  
Ортаға сыйлы адам мінезімен,  
Көрсетсе адамшылдық қасиетін.

Алланың берген сыйын қабыл етте,  
Ұштастыр қасиетіңді қабілетке.  
Талантқа қызығатын адамдар көп,  
Бойдағы өнеріңді жазып етпе.

Тәрбие жарық қылған ғаламда бар,  
Көңілді көп қой жәйттер алаң қылар.  
Бармақтай берген баққа алшаң басып,  
Өмірде масайрайды таландылар.

### ***Жастық жыры***

Қызу шабыт құятын өлеңіне,  
Ақын болғым келеді мен елімде.  
Көңілдегі көрікті ой тасқынымен,  
Шаттық ойнап тұрады гүл өңімде.  
Жайна, түрлен, жастық шақ – бұла күнім,  
Мен өзіңнің туған жер ұланыңмын.  
Жақсы күнге ұмтылып, шымырқанған,  
Көзің ашқан, бұлқынған бұлағынмын.  
Туған жер, бәрі сендік – жыр әнімнің,  
Демеймін ақ сұңқарың, қыраныңмын.  
Өмірден ерте кеткен шырағымын.  
Әні болып шырқап бір шарықтағам,  
Қыраны боп қияда қалықтағам,  
Талаптыға нұр жауады! – деген сөзбен,  
Жырдан тауып жолымды анықтағам.  
Анықталдым – шабыт –жыр тасқынымен,  
Жүрегімнің жырладым жақсы үнімен,  
Бақыт боп қон,басыма – асыл әнім,  
Гүл арманым едің ғой жас күнімнен,  
Сұлу жырдан көз жазбас қалыптамын,  
Туған елді жырлауға жалықпадым.  
Жыршыл қауым, сырыма қанша сен де,  
Өлеңімнен өмірдің алып дәмін.

## *Мерейіме шуақ шашқан*

Отыз төрт...Екі он жеті жасқа келдім,  
Он төртте жыр жазуды бастап едім.  
Келеді мені демеп, қайран шабыт,  
Кеудемде бұлдырамай асқақ сезім.  
Бірінші он жетімде жалын едім,  
Арманның алау отын жағып едім,  
Мектепті бір бітірген, құрбы – достар,  
Есімде жүресіңдер бәрің менің.  
Ұстаз да жүр есімде аялаған,  
Мейірімін біздер үшін аямаған.  
Көбісі таяу жүр-ау пенсияға,  
Кешегі жігерлі жас, аяулы адам,  
Біз бүгін айрылғандай данамыздан  
Кейбірін көре алмаймыз арамыздан,  
Азаматтық тұлғасын сақтап өтті-ау,  
Кезінде шабытты еңбек жаңа қызған...  
Жоқ қазір көңілімде, жырымда мұң,  
Мен бүгін отыз төрттің қырындамын,  
Жас та емен, кәрі де емен дамылдайтын,  
Әр кезде ер еңбектің тыңындамын,  
Отыз төрт...екі он жеті жасқа келдім,  
Аз ба екен жүрген жерім, асқан белім.  
Азаматтық арымды нық ұстадым,  
Дәл осылай құрметтеді жастан елім.  
Төбемде жарқырайды ашық аспан,  
Отыз төрт, саған арнар жырым жастан,  
Отыз төрт бағыма сәл аялдашы,  
Құт болып мерейіме шашу шашқан.



## *Жеке шумақ-өрелі ой тізбектері*

Шабытым, жыр маржанын көздеп көрген,  
Уақытты ойла, жақсы ғой тездеткенің.  
Өмірімнің өркенді өрісі боп,  
Жеке шумақ ойымда тізбектелдің.

Күш-қуатын, жүрегімнің жалынын,  
Бір алланын бойға құйған дарының.  
Талаптандым, елім үшін берсем деп,  
Қайтаруға өткен күннің қарымын.

Қашан көрсең, деп тұрғандай сыр ашпан,  
Жан дүниесін адамзаттың кім ашқан?!  
«Тырнақ асты кір іздеме» өзгеден,  
Аз ғұмырда керегі осы сыйласқан.

Мадақ сөзді көзінше төкпеледің  
Шуақ шашқан бейне бір көктем едің.  
Сырт айнала сен оны жамандайсың,  
«Алақұйын» болды ма өткен жерің?!

Осы мен шын намысшыл қазақпын ба?  
Не керек бірдің ісің балап мыңға.  
Жағымпаздық кейде айқын көрінеді,  
Кесірің білмей жүрген мадақтың да.

Өткен өмір ойымда сарапталып,  
Жүруші едім өлеңмен қанаттанып.  
Армандаған межені көре алам ба?!  
Тұра алам ба ақын боп санатқа нық.

Оралғандаймын базары қайтқан күндерден,  
Бәрі де айқын үлгі алдым дос боп кімдерден.  
60-қа келдім құттықтап жатса мені елім  
Айналдым баққа, өзім де бүгін гүлденген.

## *Ананың махаббаты*

Қаламаған өмірден ең байлықты,  
Қажетін де есіне алмай тіпті.  
Қарлығаштай баласын қорғаштаған,  
Ананың махаббаты қандай мықты.

Қандай мықты ананың махаббаты,  
Есімде жүреді ылғи ардақты аты.  
Жай құлаш ұлы өмірге, сен де талпын,  
Болғың келсе, ананың қолқанаты.

Кездерің де қамығып қалатындай,  
Ол жанын да өмірлік болатындай.  
Жұбататын өмірге қызықтырып,  
Ұшыратын қиялдың қанатында.

Қиналатын сен үшін көбірек те,  
Одан жақын жан бар ма төңіректе.  
Сол ана ғой, ауырсаң ара түскен,  
Түйгендей – ақ , жанын бір шүберекке.

Мерейлі ғой, анаммен бір болғаным,  
Қуаныштан құлпырар сондай жаным,  
Рахмет, анашым, жүрегімді,  
Ақ арманға толтырып, берген жалын.

Берген жалын бойыма, өзің едің,  
Қатем болса кешірген төзімді едің,  
Отыз төрттен ассам да, сенің үшін,  
Бала болып мен әлі сезілемін.

Деп өсірдің мәпелеп: қалқам, күнім!  
Адам болсам, бұл сенің арқан бүгін,  
Құтты болсын мерекең, асыл анам!  
Өсе берсін ақпейіл , дарқандығың

## *Өнерлі – өрге жүзер*

Бұл бір той қызық болды осы ел күткен,  
Ақталды еңбектерің үміт кеткен.  
Мектебіміз тәрбиелеп жатыр екен,  
Шәкірттерді сұлулық, әсемдікпен.  
Сезімін ұстаз біткен жасыра алмай,  
Қуанышым отыр – ау басыла алмай.  
Бәрі де өткір екен өндірі жастар,  
Бақыттымыз-ұрпаққа осылардай.  
Шықты ғой ел алдына нелер мықты,  
Асылдай салт-дәстүрді мәпелепті.  
Аға боп бұл ауылдың үлкендері,  
Жастарды тәрбиеге жетелепті.  
Бұл өлке қашаннан да жырға жақын,  
Қабдендей ағамыз бар-болған ақын.  
Марқайып бүгін отыр ортамызда,  
Қолынан ұшырғандай қолғанатын.  
Жарасар, еңбектерің асқаралы,  
Қолдайық сіздердегі бастаманы.  
Дәл осы өнерлерді көрсетсеніз,  
Біз емес, қызықтырар астананы.  
Болса да мектебіңіз «кұлайтындай»,  
Бәрі де еңбек еткен жүрмей-тұрмай,  
Ұйымшыл коллективтің-бәрі жастар,  
Тәжірибе бар екен сұрайтындай.  
Халықтық өнер дамып өрге басқан,  
Біз үміт көп күтеміз бүгін жастан.  
Көрсеткен өнерлерің көпке әйгілі,-  
Жасай бер, жанара бер-«Домбыра» -дастан.  
Келтірген өнерпаздар елге сәнді,  
Тәрбие-мазмұнды да болды мәнді.  
Рахмет, Жәнібек аға, мектебіне,  
Бүгінгі күн мәңгілік есте қалды.

### *Ұстазыма*

Көрсетіп шешен тілдің шын қуатын,  
Көңілде шалқар сезім, жыр туатын.  
Жиып ап топ баланы жыр оқысаң,  
Жадырап жүзіңіз бір құлпыратын.  
Үйрендік жыр бастауын өзіңізден,  
Ұлағатты ісіңізден, сөзіңізден.  
Бал жырға, сіз секілді үйір болдық,  
Қаршадай қара бала кезімізден.  
Қандай жақсы өлеңге құмартқаным,  
Биікке жетпей жүр ме бірақ та әнім.  
Жыр жазсам сіз келесіз көз алдыма,  
Аштыңыз көзің талай бұлақтардың.

### *Жеңіс туы*

Ерлігі маған қосқан жаңа дарын,  
Еңбегің аға ұрпақтың бағаладым.  
Ту тікті Рейхстаг төбесіне,  
Қошқарбаев, Егоров ағаларым.  
Туды деп бақыт таңы-ел тілегі,  
Жеңіс күні – қызыл ту желбіреді.  
Сол тудың алаулаған шұғыласынан,  
Арайланып жүректер елжіреді.  
Елжіреді әлемді еліктіріп,  
Ел реңі нұрланды, көрік кіріп.  
Оралды талай өжет, ардақты ерлер,  
Бадақты сүйеніш қып, серік қылып.  
Жеңіс туы, жар қылды достығымды,  
Қорғады бостандық пен жастығымды,  
Бүгін де бейбіт өмір салтанат қып,  
Жойылсын соғыс!-деген қостық үнді.

## *Ескерткіш*

(Әкем Сабыржанға)

Тасқынды жырдың табылмай қалған көзіндей,  
Өмірің қысқа өтіп те кетті сезілмей.  
Маңдайдан сипап тұрушы едің, жан көкем,  
Ақылыңды айтып, көненің нұсқа сөзіндей.  
Өмірің үлгі- жастарға тәлім болғандай,  
Жүрекке жақын жол салдың асыл армандай,  
Еңбекке баулып, көрсетіп бағыт жүруші ең,  
Болашақтарға бастайтын даңғыл жолдардай.  
Жарқылдап жүріп, думанға бөлеп маңайды,  
Сыр айтып досқа, ашушы ең ішкі сарайды,  
Ұстаздық ұзақ өмірінде сырлы сыпайы,  
Жетеледің сен қолтықтап демеп талайды.  
Кіріссең көке, алмас қамалың жоқ еді,  
Жайдары, жарқын достарың сондай көп еді,  
Сені іздеп менің сағыныштарым сабылды,  
Көкірегімнің мұнайып қалды өлеңі.  
Жан едің, абзал, адалдық болған мұратың,  
Турашыл едің, шындыққа көңіл бұратын.  
Өзіңнің бейнең жүректе мәңгі сақталар,  
Ескерткіш етіп- арнадым әке, жыр атын.

## *Мақсат*

Ақын болсам жақын боп адамдықпен,  
Күресемін алауыз арамдықпен.  
Көңілдердің сарайын ашып кірген,  
Өлеңіме сүйсінсін адам біткен.  
Арманым, бар мақсатым осы ғана,  
Сол жолда шабыттанар ой мен сана.  
Өлеңмен гүл дәуренді өрнектермін,  
Өзгеден шықпасам да жеке дара.

## *Мәңгілік өмір шуағы*

Жылдам екен уақыттын да өлшемі,  
Көп жыл болды көрмегелі мен сені.  
Ақылынды еске аламын әрдайым,  
Қайраттанып көтеремін еңсені.

Жігерлі де жан едің-ау ерікті,  
Табиғат та мол қасиет беріпті.  
Әлі менің жүрегімде жүресің,  
Сол қалпында ақылды да көрікті.

Әке атына кір келтірмеу - борышым,  
Күресемін оның жарқын жолы үшін.  
Ол өмірің арнады жас ұрпаққа,  
Еңбегің де арнап кетті елі үшін.

Жастар үшін, жан едің жоқ теңдесің,  
Белгілі ғой енді бізге келмесің.  
Еңбегіңнің елге шашқан шуағы,-  
Жүректерде жасай берсін, өлмесін.

## *Дәстүр*

Палуан түсті күреске жарқылдатып білегін,  
Қыран көзді қарттар бар айтып жатқан тілегін.  
Циркіндей қаланың тарыншылық етпеген,  
Дала төсі кең жатыржайып салған кілемін.

Палуанды палуан жығып салып жатады,  
Әдістілер алдырмай, жамбасқа алып атады.  
Ептілік те ерлік – деп қазақ халқы айтса да,  
Туғызған ғой қара күш Қажымұқандай атанды.

Аға жолы мұра боп жас ұрпаққа келеді,  
Бұл дәстүрді сыйлаған күресте де жеңеді.  
Палуанға жеңіспен туған жерге оралған,  
Сұлу қыздар қыр гүлін сыйға тартып береді.

## *Желтоқсан жыры*

Желтоқсан жыры жанымды менің тербеді,  
Ақиқат жеңіп биікке шырқап өрледі.  
Алаңда сол бір, теңдік деп қосқан ұранды,  
Жастарым менің - қазақтың нағыз ерлері.

Желтоқан жыры- ерліктің туы іспеттес,  
Бой менен ойға бірліксіз әсте күш бітпес.  
Жазықсыз жандар төгілген сонда қаны да,  
Алаулай түсер, алқызыл жанған шоқ түстес.

Тарихтың қозғап бұраусыз жатқан шегесін,  
Биліктің бұрдың қайырлап тұрған кемесін.  
Ерлерім менің: Қайрат пен Ләззат, Ерболдар,  
Әлемге жарық нұр төгіп әлі келесің.  
Бостандық! – деген шарықтап көкте бекем үн,  
Жастарым сонда: «Мақсатқа, - деді, жетемін!»  
Желтоқсан жыры-жалынды жастық емес пе?!  
Танытқан сол ғой кімдердің кім екенің.

Биліктің көрдік қаншама өткен тұстарын,  
Орталық берген жазалау, қуғын жоспарың.  
Мойымай ерлер азапты шақты көрсетті,  
Намыс бар жерде жарқырап тұрар күш барын.

Зерделеп соны Мұхтардай шықты дара кім?!  
Желтоқсан жырың жаңғыртып, менде қарадым,  
Тәуелсіз күнім – оңынаң болғай!- дейміз де,  
Зерттейміз әлі ескеріп ерлік парағын.

Ғажайып едім, көгілдір аспан, ашық таң,  
Ақын боп мен де шабытты жырды тасытқам.  
Әлемге ерек таңылды елім, Астанам –  
Көркімен арбап, тартарын жұртты қашықтан.

Желтоқсан жыры- бола да бермек жол басы,  
Алаштың ұлың жаратқан ием, қолдашы!

Мақтаныш маған: егінім, мұнай, кеніммен  
Бастаған соған Нұрсұлтан аға –Елбасы!

Желтоқсан бізге арайлап атқан азат күн,  
Келмеске кетті күндері қорлық азаптың.  
Амандық болсын, елім мен жерім көркейсін!  
Түспесін даңқы ақпейіл, дархан қазақтың!

### *Ініге тілек*

Армандар жақсы, бір ізде тұрып қалмауға,  
Өжеттік жақсы, биікке ұшып самғауға.  
Мақсатың жақсы-алдында тұрар жарқырап,  
Еңбекпен ашып, өмірдің жолын таңдауға.

Ашықтық жақсы, дос тауып сырды ақтарар,  
Ғашықтық жақсы, жүрекке жақын бақ табар.  
Ойлылық жақсы, баспауға қате адымда,  
Кезінде мынауөмірге жарқын аттанар.

Адалдықпенен қуаныш табар шақтар бар,  
Адамдықпенен жігіттің күні бақ табар.  
Сергектік сезім жанына серік жай тауып,  
Өнерің болсын, көркейіп көңіл шаттанар.

Өмірдің көркін алдына жайып жыр етіп,  
Інім-ау саған, ұшырдым жырды түлетіп.  
Ізгілік деген жанында болсын әрдайым,  
Жақсылық жырым көтергін қалқам ту етіп.



## *Шопан ініме*

Еңбек-дабыл, шопандыққа ту алып,  
Аттанды інім жігерленіп, қуанып,  
Қатарыңнан қалмай қалқам дедім мен,  
Кіріс іске белді бекем буа нық.

Ой талабың шаруа жайға бөлінсін,  
Ширақтығын еңбегіңмен көрінсін.  
Жастық жалын тұрған кезде асқақтап,  
Елің үшін маңдай терің төгілсін.

Жарқын болса алған мақсат биік тым,  
Атың шығарсонда ғана сүйікті.  
Қуанамын азамат боп шықтың да,  
Туған жерде мандай термен шыңықтың.

## *Жиырма бес*

Ойымнан кетпей қойған жақсы елесің,  
Жиырма бес өмірімде бір белессің.  
Жастықтың жалындаған жарқын жасы,  
Жігітке шаттық, думан бақ бересің?

Жиырма бес, алаулаған сезімім де,  
Шыңдалар қайрат, күшім, төзім де.  
Оңаша ойланамын, толғанамын,  
Әнімді айтсам деп мен өз үнімде.

Тулаған өмір атты ұлы ағында,  
Еңбектің дабылы бар құлағымда,  
Жырыма шалқар шабыт желі тартып,  
Кәусар шақ...Сусындармын тұрағында.

## *Шоқан мектебіне*

Көркеюді Арқалығым, қарасам,  
Аралаймын сұлулықты қаласам.  
Ел басқарған азаматтар арқасы,  
Игілігі істері бар орасан.

Соның бірі – мынау сәнді мектебім,  
Жетістікке бүгін, міне, жеткенім.  
Тарихы бар елу жылдық - бір ғұмыр,  
Көз алдыға келтірсек біз өткенін.

Қуаныш күн бола бермес бүгіндей,  
Оқушылар жадырайды күлімдей.  
Елбасының Жолдауында айтылған,  
Осы мектеп – жүз мектептің біріндей.

Даналықтың бастауынан жол алған,  
Қиял-ғажап секілді еді бұл арман.  
Құтты болсын, мектебіңіз, ұстаздар!  
Іші менен сырты бірдей жаңарған.  
Өнері еді бабалардың сақтаған,  
Болашаққа басып келед нық қадам.  
Дәулетіне сәулет қосқан қаланың,  
Құрлысшының еңбегіне мақтанам.

Білімдінің күні әр кезде жарық нұр,  
Жас жеткіншек, ғылым жолын танып біл.  
Таудай болса талабың мен еңбегің,  
Жетістікке жеткендігің анық бұл.

Алға бассан, қосылатын екпін сеп,  
Жастарымды – болашағым деп білсек.  
Біз бастаған асулардан асатын,  
Жаса мәңгі, жайнай түсіп жеткіншек!

*Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектебінің  
Гимні*

Сөзі: Сейітқали Сабыржанұлы  
Әні: Қалибек Деріпсалдин

Жан-жақтан тыңға халық келген кезде,  
Болмапты ұлттық мектеп сенен өзге.  
Көтерді мәртебесін мектебімнің  
Есімін шоқан атам берген кезде.

Қ-сы:  
Шоқан – дана, алыбым,  
Жарық жұлдыз – діл ұғым.  
Сәуле шашып тұрғандай,  
Сенің шуақ жалының.

Біліммен жас ұрпақ көзін ашқан,  
Ақтарсам тарихыңды ол да дастан.  
Қаласы кеншілердің – Арқалықта,  
Жастықтың сен бір шыңы – әнге ұласқан.

Қ-сы:  
Сенде өскен шәкірттердің бақыты бар,  
Жүректен алғыс сезім ағытылар.  
Көрсеткен өнерпаз қып сан қырынан,  
«Әсемдік әлемінде бағытың бар»

## Сейітқали Сабыржанұлына арналған арнау-өлеңдер

### *Сейітқалиға*

«Көке» деген арнауынды оқыдым,  
Әр сөзінді көкейіме тоқыдым.  
Ақ көңілден пәк сезімді баяндар,  
Осы сөзде тұрған жоқ па көп ұғым.

Сен ойладың: арнап жазған «жырым» деп,  
Мен түсіндім: балдан тәтті шырын деп.  
Алтын – жезді, күміс – мысты айырмас,  
Қарны тойса қайғырмайтын «жұрын» кп.

Ақын болсаң, ақын болшы Абайдай!  
Жақсылыққа жақын болшы Абайдай!  
Қатарыңның алды болып әрқашан,  
Алды-артыңды абайлай жүр, абайлай!

Әке – әлсіз, бала – батыр болса да,  
Батырлығы мыңға татыр болса да,  
Өзі – ақын, өзі – дана көсем боп,  
Бақыт құсы басына кеп қонса да.

Даналығы Сократтай болса да,  
Ақындығы Гомердейін болса да,  
Батырлығы Рүстемдей болса да,  
Әке алдында бала әркез сәби ғой.

**Көкең Сабыржан.  
1979 жыл, 21 қараша**

## *Төбедегі үркерім*

(әдебиетші, ақын, ұстаз Сейітқали Оташевтың 60 жасқа толуына)

Қарап тұрсам жүзіңе,  
40-тағы қалпыңсың.  
Жамандарға мыс болсаң,  
Жақсыларға алтынсың.  
Сыйлайтын ем өзіңді,  
Сейітқали аға, сері аға.  
Құтты болсын тұлпардай,  
Озып келген 60-ың.

Шабыт келсе ойыма,  
Қалам алып түртемін.  
Өлеңінді оқысам,  
Тізгінімді іркемін.  
Ұрмайтын төсін «мен,мен» деп,  
Ақынсыз ғой байсалды,  
Көңілдегі музамсың,  
Төбедегі үркерім.

Әдебиетші, ақынсыз,  
Жоқ қой ешбір дамылың.  
Бұзылмайтын ұйқысы,  
Мықты шығар қалыбың.  
Көрмесемде өлеңнен,  
Мұқағали арынын.  
Шумағында шуақ бар,  
Ырғағындай Шәмілдің.

Көп ойландым, толғандым,  
Осы өлеңді жазарда.  
Астыңда қанат тұлпарың,  
Түсіме кірдің азаңда.  
«60-қа келді ағаң» деп,  
Қоймады Арман бажаң да.  
Шабыт бердім жүрекке,  
Ерік бердім қаламға.

Өлеңдерді оқысаң,  
Естіледі қоңыр үн.  
Ол қоңыр үн өшпесін,  
Өйткені ол – өмірің.  
60 жасқа келсең де,  
Баладай ғой көңілің.  
Спортмен болсаңда ,  
Қойдан жуас қоңырым.

Жеңгемізбен тұрдыңыз,  
30 жылдай отасып.  
Қойдыңыз ғой білемін,  
Немереңе шот ашып.  
60-қа келіп алқынба,  
100 жасқа жет желкілдеп.  
Ардақты аға, жан аға,  
Ақын Сейітқали Оташев.

Ағасыз ғой сыйлайтын,  
Тұрамын әркез жол ашып.  
Бір аттаған ізінді,  
Жүремін ғой үш басып.  
Амандасайық аңқылдап,  
Қоштаспайық қолдасып,  
Жүздесейік дейді 100 жаста  
Ініңіз Болат Молдашев.

**Болат Молдашев,  
ақын**

## *Әке көрген*

Әке көрген әр ісің мүсіндейді,  
Бойын түзеп әкеге пішіндейді.  
Өз әкесі – әркімнің пайғамбары,  
Әке туын еш төмен түсірмейді.

Саналы ұрпақ сөз ұғар дана қарттан,  
Қыңырлардың көші оңбас, дара тартқан.  
«Әке көрген» деген сөз биігірек,  
Тірліктегі бар атақ марапаттан.

**Молдатай Жапаров,  
ардагер ұстаз**

\*\*\*\*

Адамға ақыл көп керек,  
Болмайды әсте жоқ дерек.  
Сейітқали ағай – ұстазым,  
Сәулесін жырдың жақты ерек.

Толғанып талай топқа ендім,  
Халқым – ау, сонда от бердің.  
Төресін айтар қазылар,  
Балауса ақын боп келдім.

**Айзат Сәтбай,  
жас ақын**

## *Жыр айтыс*

### **Жауап өлең**

(Ақын, ұстаз Сейітқали Сабыржанұлына)

Аттас болсам қуанамын ұлыңызбен,  
Азаматтар сөйлер тек тұнық үнмен.  
Мен сізді әкемдей құрметтеймін,  
Қарсы аласыз қашанда жылы жүзбен.

Дала бар ма Торғайдың даласындай,  
Қала қайда Арқалықтың қаласындай.  
Ыбырайдың сусындап бұлағынан,  
Осында қақтым алғаш қанатымды-ай!

Жыр дүлділі Айбекке шәкірт болып,  
Осы елден таптым талай жанашырды-ай!  
Торғайымның текті елі құшақ ашып,  
Еркелетті өзінің баласындай.

Жан-тәніммен сүйемін Отанымды,  
Мұражайым жинаған бар асылды-ай!  
Туған жерім тұғырым Көкқамырым,  
Әркімнің өз ауылы жәннатындай.

Мен үшін екі елдегі қандастарым,  
Көзімнің ағы мене қарасындай.  
Сейтеке бір балаң ем жалын жаны,  
Сынаймын қара өлеңнен бағымды әлі.

Өлеңқұмар қауымға қызық болды-ау,  
Газетке наз жырыңыз жазылғаны.  
Атажұрттан бір ару таппадың деп,  
Байқалды өкпеңіздің қабынғаны.

Алланың бұйрығынан кім аса алар,  
Жан жарым аман болсын жанымдағы.  
Мәлжанбайдың баласы алмады деп,  
Жігітсіз қалмас Торғай арулары.



Желөкпе жан емес ем желпілдеген,  
Сондықтан еркін ойым, еркін денем.  
Ағажан, тура түсін мен емеспін,  
Атажұрттың аруын менсіңбеген.

Құлжаның бір қызымен бас құрасам,  
Бір қазақ болса да елге келсін деп ем.  
Кездестім деп айтпаймын қазымырға,  
Өмір жолы – Алланың жазымында.

Сыйласқанға не жетсін дөңгеленген,  
Дүние тұра бермес қалпында.  
Енші Алла, қабыл болып тілегіңіз,  
Бақытты қылсын алла аз ғұмырда.

Өмірлік шешілместей байланғанмын,  
Атажұрттың киелі қазығында.  
Бұйыртса балаларымның кіндік қаның,  
Торғайдың тамызамын жазығында.

**Азамат Мөлжанбайұлы,  
айтыс ақыны**

## С.Сабыржанұлының өмірінен фото-суреттер



Әкесі Сабыржан Оташұлы



Анасы Алданыш Молдағалиқызы



Баласы Азамат, жұбайы Жарас және қызы Меруертпен



Сейітқали Сабыржанұлы шаңырағында



Алданыш әже немере-шөберелерінің ортасында. 8 наурыз, 2014 ж.



Ақынның шығармашылық кешінде



Өнер бөлімінде өткен жас боксшы Жанна Серіковамен кездесу



С.Сабыржанұлы ақын інілерімен



С.Сабыржанұлы ақын-жазушы ағаларымен



Ш.Уәлиханов атындағы №1 мектебінің оқушылары арасында



Спорттық жарыста қазылық ету сәтінен



Кездесу кешінде



Өнер секторының меңгерушісі Әлия Қарсақбайқызының  
С.Сабыржанұлына арнап ұйымдастырған іс-шаралардан көрініс



Рудный қаласындағы №15 қазақ орта мектебінің  
директоры Қайыржан Нұрмағанбетовпен



Рудный қаласындағы №15 қазақ орта мектебі  
оқушыларымен кездесу сәтінен



## Мазмұны

1. Әкенің салған ізімен.....	3
2. С.Сабыржанұлының мерзімді басылымдағы жарияланымдары.....	5
3. Ол туралы.....	11
4.С.Сабыржанұлының өлеңдері.....	13
5. С.Сабыржанұлына арналған арнау- өлеңдер.....	28
6. С.Сабыржанұлының өмірінен фото-суреттер.....	34



Шығ. жауапты:....К.Б. Борибаева

Құрастырушы:.... С.Ғ. Ермағанбет

Редакторы:.....Ә.К. Ахметжанова

Басуға 13.01.2021 ж. қол қойылды.

Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі 0,3

Таралымы 5

«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
Е – mail:arkounb@mail.ru